


说明书尺寸: 105X125mm




ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Құрылғы схемасы





1. Фокустық қашықтықты реттегіш.
2. Құрылғы тоғасы.
3. Көздің қарашығына дейінгі қашықтықты реттегіш.
4. Эргономикалық белдеу.
5. Құлаққап.
6. Құрылғы корпусы.
7. Алынбалы панель.
8. Сенсорлық экран батырмасы.
9. Оптикалық линза.
10. Жасырын микрофон.
11. Дыбыс деңгейін жоғарылату батырмасы.
12. Көп функциялы батырма.
13. Дыбыс деңгейін төмендету батырмасы.
14. Былғары ендіріме.

Құрылғыны пайдалану




1 Бейне тестілеу жасаңыз
Бейне тестілеу жасаңыз Google Play Market немесе App Store дүкеніне кіріңіз, қажетті VR-қолданбалы таңдаңыз және орнатыңыз (Wi-Fi желісіне қосылып жасаған жөн). Құрылғының экраны екі бөлікке бөлінетінін және контент дұрыс ойнатылатынын тексеру үшін бейне немесе ойынды жүктеніз.

2 Смартфонды орнату
Алынбалы панельді ашыңыз (оң жақтағы суретте көрсетілгендей), смартфонды VR-гарнитураға салыңыз, смартфон экраны ортасында орналасқанына көз жеткізіңіз, осыдан кейін панельді жабыңыз. Экранды дұрыс бағытта реттеңіз.



3 Баптау
Құрылғыны пайдалану мүмкіндігінше ыңғайлы болуы үшін көздің қарашығына дейінгі қашықтықты және фокустық қашықтықты реттеңіз. Фокустық қашықтықты баптау алыстан көру қабілеті нашар адамдарға құрылғыны пайдалануға мүмкіндік береді.




4 Ойын процесі
VR ойындары кезінде басқарудың 2 әдісі бар:
A: VR ойын процесін басты еңкейту немесе бұру кезінде (оң жақтағы суретте көрсетілгендей) смартфонның гироскопы арқылы басқаруға болады.
B: VR ойын процесін Bluetooth манипуляторы арқылы басқаруға болады, ол 360° айналу мен бұрылуға мүмкіндік береді.
Ескерту: VR ойындарының көпшілігінде басқару үшін смартфон гироскопы қолданылады. Сізге манипулятор қажет пе екенін білу үшін ойын талаптары мен кеңестерін қараңыз.

5 Көп функциялы батырманы пайдалану



VR Shinecon SC-G07E сатып алғаныңыз үшін рахмет. Құрылғының жеткізілім жиынтығын тексеріңіз.



Пайдаланушы нұсқаулығы



VR көзілдірігі

Маңызды ақпарат

VR көзілдірігін ұзақ уақыт кию сіздің көру қабілетіңізге теріс әсер етуі мүмкін, үздіксіз пайдаланудың ұсынылатын уақыты — 30 минуттан артық емес. Көруге ыңғайлы болу үшін орындықтың арқасын 60° бұрышпен орнату ұсынылады.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электронды жабдықты қабылдау орнына тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және лайықсыз қолдану жағдайында қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін орын алуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорындан алуға болады.



Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Шайкон Индастриал Ко., ЛТД. Шибэй тас жолы №9, Танли Фэнган, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан. Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта келтірілгеннен ерекшеленуі мүмкін. Құрылғының шығарылған күні, кепілдік және пайдалану мерзімдері құрылғының қаптамасында көрсетілген.